

**Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 7-2 " Батыс Қазақстан облысы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 27-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 қазанда № 4096 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 19-4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 28.09.2018 № 19-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексін, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексін (Салық кодексі), " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 7-2 "Батыс Қазақстан облысы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 3268 тіркелген, 2013 жылғы 27 сәуірдегі "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

аталған шешіммен бекітілген Батыс Қазақстан облысы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларындағы 5 жолы алынып т а с т а л с ы н .

2. Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты аппаратының басшысы (А. Сұлтанов ) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Облыстық мәслихат хатшысы*

*С. Мұхамбетшин  
М. Құлшар*

